

**Көсембай негізгі мектебінің 2-сынып окушыларымен 2023/2024 оку жылында жүргізілген
тәрбие жұмысына талдау**

2023-2024 оку жылын 3-класта 4 окушы бастады. Сағындыққызы Кәусар отбасы жағдай бойынша кала мектебіне ауысты. Қантар айының ортасынан кала мектебінен бұрын осы кластиң даярлық сыйныбында оқып кеткен Жасұлан Мирас келді. Оку жылын 5 окушы болып аяқтады. Басқаша окушылар козғалысы болған жок. Оку үлгерімінде сапасы -80% күрайды. Үлгермеуші жок. Қаладан келген окушы Жасұлан Мираспен қосымша жұмыстар жасалды.

Осы жылға жоспарланған тәрбие жұмыстарының жоспары бекітіліп, уактылы өткізді.

Тәрбие жұмысының мақсаты: сыйнып окушыларын адамгершілікке, Отансүйгіштікке тәрбиелей отырып, сапалы білім мен саналы тәрбие беру.

Жаңа оку жылына сыйнып парламенті сайланды. Окушылардың сабакка катысу динамикасы өте жаксы. Сыйнып ете татту, тәртіпті. Биылғы кешенді бағдарлама адами ұлттық құндылықтарға негізделген. Ұлттық құндылықтарға ұлттық мұдде, ар-ұят, талап. Осы құндылықтарды тәрбиеленушілерімнің бойына сініре отырып, орта білім беру үйымдарының жоспарына сойкес әр айдын тәрбие және сыйнып сағаттары өтілді. 1-қыркүйек Білім күніне арналған «Мектебім-мейірім мекені» атты бірыңғай тәрбие сағатынан бастау алған сабактар жыл бойы жалғасты. Ұлттық құндылықтарға негізделген сыйнып сағаттары «Тілім менін ғасырларға аманат», «25-казан Республика күні», «Тәуелсіздік-тұғырым», «Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір суреді», «Ұлттар достастығы» т.с.с. Өз еліне қызмет ету, қазақ тілін дәрілтеу, елінің тарихын, мәдениетін, рәміздерін көрілейтін жас үрпакты тәрбиелу мақсатындағы өткізілген жұмыстардың тәрбиелік мәні жоғары болды.

Ар-ұят құндылығы бойынша окушыларға адал еңбекті құрметтеу, достарына адал болу, мейірімді, камқор азамат тәрбиелу, жауапкершілікті сезіну мақсатында сыйнып сағаттары өтілді. «Ұлкенге – құрмет, кішігে ізет», «Отбасы-тәрбиенің алтын бесігі», «Кім болғың келеді?», «Сен және зан», «Алғыс айтту -парызым», т.б.

Талап құндылығы бойынша мынадай сыйнып сағаттары өтілді. «Тиімді ері пайдалы тамактану негізі», «Қонақ күту әдебі», «Дұрыс тамактану-денсаулық кепілі», «Әдептілік әліппесі», «Денсаулық-зор байлық». Талап мұддесі бойынша өтілген сыйнып сағаттардан окушылар жан мен тән тазалығы, дұрыс тамактану мәдениеті, дұрыс қарым-қатынас орнату туралы акпараттармен өз түйсіктерін толтырды деп сийлаймын.



Сонымен бірге мектепішілік, аудандық сайыстарға қатысып, коржынымызды дипломдармен толыктырды. Басттауыш сынып бойынша өтілген апталыктарды жүлделі орындарға лайықталды. Мектептегі «Бала және театр», «Тогыз құмалак» үйірмелеріне класс түгел катысты. «Бала және театр» үйірмесінен облыстық «Үздік ертегі» байқауына кластан Рза Әділет 1 орынды иеленді. Сол сиякты тоғызқұмалак бойынша откізілген жарыстардан да құр қалмады.



Бұл жылы да ата-аналармен жұмыс жоспары жасақталып, жұмыстар жасалды. Әр токсан сайын ата-ана жиналыстары откізілп, оқушылардың сабак үлгерімі туралы хабарланды. Жыл басында ата-аналар комитеті сайланып, алдағы атқарылатын жұмыстармен таныстырылды. «Отбасында жағымды ахуал калыптастыру», «Демалысты тиімді өткізейік!», «Баланың даралығын темпараметрдегі сәйкес калай ашуға болады?» сынды баяндамалар оқылып, талқыланды. Жалпыхалықтық мерекелерде ата-аналармен бірлескен түрде жұмыстар жүргізілді.

Сынып жетекшісі:

Сұлтанғалиева Ж.Б.